


*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*

№1 2021

*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*

Алтаев Ж.


Әл-Фараби - Шығыстың ұлы ойшылы. Аль-Фараби - великий мыслитель Востока / Жақыпбек Алтаев. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2020. - 400 бет. Қазақ, орыс тілдерінде.



Аталмыш монографияда «Екінші ұстаз» атанған, әлемдік мәдениет пен өркениеттің дамуына елеулі үлес қосқан Мұсылман ренессансы дәуірінің ұлы ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы қарастырылады. Энциклопедист-ғалым ретінде ол философия, этика, логика, музыка теориясы, математика, дін теориясы, мемлекет және құқық теориясы сияқты ғылым салаларын өз ойларымен жетілдірді. Кітапта әл-Фарабидің шығармашылығын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынды, сонымен қатар әл-Фарабидің философиясының ерекшеліктері мен оның Антика дәуірінің, сондай-ақ қазіргі заманғы ойшылдардың көзқарастарынан айырмашылығы көрсетілді. Ұлы ойшылдың онтологиялық, гносеологиялық, әлеуметтік-саяси, этикалық және антропологиялық көзқарастары егжей-тегжейлі зерделенді. Әл-Фарабидің метафилософиясы және дін философиясы ерекше назар аудартады. Ғұлама ойшылдың негізгі идеяларын компаративистикалық тұрғыда, яғни алдыңғы буын, қазіргі заманғы және жас буынның идеяларымен салыстырып, талдау арқылы көрсету еңбектің айрықша ерекшелігі болып табылады.




Қазақстан: бірлік және келісім мекені. Казахстан: страна мира и согласия. Kazakhstan: a country of peace and harmony. Фотокнига. Жинақты құрастырған Түймебаев Ж.Қ. – Алматы: «Издательство Золотая книга» ЖШС, 2020 ж. – 320 б.



Б.Ф. Аяған, Ә.М. Ауанасова, Е.К. Нұрпейісов, А.Н. Қашқымбаев, Н.С. Лапин Қазақстандағы сайлау тарихы. - Нұр-Сұлтан: «Жарқын Ко» баспасы, 2020. - 320 б.; қазақша, орысша.

Кітапта жеке ұлттық мемлекет - Қазақ хандығының құрылуынан бастап, Ресей империясы мен кеңестік кезең аясында сайлау жүйесінің іске асырылуы, оның тарихы мен дәстүрлерін зерттеу нәтижесі ұсынылған.

Зерттеу жұмысының басым бөлігі тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі сайлау жүйесінің қалыптасуына арналған. Авторлар аталған мәселені зерттей келе, қазіргі уақытта Қазақстандағы сайлау жүйесі қалыптасуының ғылыми және саяси мәселе ретінде арнайы қарастырылмағанын айқындады. Осы кітапта зерттеушілер назарынан тыс қалып қойған қазіргі саяси институттың тарихы мен оның қоғамдық маңызы жан-жақты сөз етіледі.



АҚБЕРЕН (Рух кітабы) / Ерғазы Қадашұлы, Айгүл Ахмедуллақызы. – Қарағанды: «Типография АРКО» баспаханасы, 2020.- 126 бет.

Белгілі қоғам қайраткері, мемлекеттік қызмет ардагері Ахмедулла Снатұлы ҮМБЕТТІҢ өмірден озғанына бір жыл толуына орай жарық көрген бұл жинақ абзал азаматтың өмірлік өнегесі мен тағылымды тағдыры жайлы сыр шертеді. Азамат биігі деген ұғымның астарында мағыналы ғұмырдың ғибраты жатыр. Ендеше, Ахмедулла марқұм шыққан биікте де терең тағылым, өрісті өнеге, жемісті еңбектің асқақ абыройы бар.

Қысқа ғұмырында қыруар іс тындырып, артына өшпес із қалдырған асыл азаматтың армандары - Арал тағдырымен тамырлас. Студенттік шақтағы достары да, Арал өңірінің азаматтары да Ахаң өмірі жайлы сырлы естелік шертіп, Алаштың Ақберен ұлы жайлы шынайылықпен әңгіме өрбітеді.

Әбсаттар қажы Дербісәлі. Әбу Насыр әл-Фараби - Ұлы даланың дара тұлғасы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 420 б.

Әбсаттар қажы Дербісәлі біраз жылдардан бері Ұлы даланың дара тұлғасы Әбу Насыр әл-Фараби және даламыздың өзге де ойпаздарының жазба мұрасын іздеп тауып, зерттеп, ғылыми айналымға енгізумен айналысып келеді. Ол Түркия, Испания және т.б. елдердің кітапхана қорында сақтаулы Әбу Насырдың араб, түрік, ағылшын, француз тілдеріндегі жүзден астам еңбегін саралап, бірқатар трактаттарын ой елегінен өткізіп талдады. Ортағасырлық араб тарихшы-шежірешілері: Джамал ад-дин әл-Қифти, Ибн Әби Усайбига, Ибн Халликанның Әбу Насыр жайлы жазба деректерін араб тілінен қазақ тіліне аударды.

Жинаққа шығыстанушы-ғалымның даланың дара перзенті жайлы ұзақ жылғы ізденістен туған қазақ және орыс тілдерінде әр жылдары жазған мақалалары мен ой-толғаныстары, сондай-ақ өзге ортағасырлық отыздан астам Отырар ойшылдарының өмір жолы мен еңбектерін зерделеген толғамдары енгізілген.






Мұқан Ш. Көшбасшылық. Оқуға тиіс 10 кітап: Мазмұндама / Ш.Мұқан. - Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2020. - 300 б.

«Мазмұндама» жобасы танымдық маңызы зор кітаптарды қысқа да нұсқа форматта мазмұндап, құнды идеяларды оқырмандарға жеткізу мақсатында «Оқуға тиіс 10 кітап» сериясын назарыңызға ұсынады.

Бұл жинаққа көшбасшылық тақырыбын зерттеген айтулы ғалымдардың таңдамалы он кітабы еніп отыр. Олардың барлығы уақыт сынынан өтіп, адамзат ойының алтын қазынасына айналған таңдаулы туындылар.



Әшімжан Ж. Алғашқы қоңырау. Жанарбек Әшімжан. - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2020. - 256 б.


Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының иегері, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, Республикалық жыр мүшәйраларының бірнеше дүркін жеңімпазы, ақын Жанарбек Әшімжанның «Алғашқы қоңырау» атты жинағына лирикалық және азаматтық сарындағы өлең-жырлары топтастырылып отыр.

Екі бөлімнен тұратын жинақтың алғашқы бөлімі поэзия жанрын қамтиды. Мұнда ақын жырлары өзіндік көркем бояуымен, кестелі тілімен, ой астарындағы ащы әлеуметтік жанайқаймен өз оқырманын сүйсіндіреді. Қаламгердің әкеге деген сағыныш, анаға деген шексіз құрмет, балаға деген мейірімге толы өлеңдерін жүрек тебіренбей оқу мүмкін емес.

Ал «Қысқа толқындағы ойлар» атты екінші бөлімде қоғам, өмір, жеке тұлғалар туралы қаламгерлік ой-пайымдары берілген.

Рәш М.

Жадымда қалған жайсандар / Мыңбай Рәш. - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2020. - Т.1: Естеліктер. - 520 б.



Қазіргі қазақ сатирасының ақсақалы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін», «Тың жерді игергені үшін», «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медальдарының иегері және Халықаралық сықақшылар конкурсының, Дүниежүзілік жастар фестивалі, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұйымдастырған «Алтын алма» байқауының лауреаты, «бір өзі — бір театр» атанған Мыңбай Рәш есімі ХХ ғасырдың елуінші жылдарынан бері қарай қалың оқырманға етене таныс.

Қаламгердің Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, халықтар достығы, қарапайым еңбек адамдарының өмірі, бүгінгі замандас бейнесі сынды алуан тақырыпты қамтитын бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы өмірдің өзекті мәселелерін уытты тілмен нысанаға алуымен құнды. Сондықтан да, жазушы, сатирик, эпик ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше.

Автор бес томдық шығармалар жинағының «Жадымда қалған жайсандар» атты бірінші томында көптеген тарихи тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, әдебиет майталмандары, өнер саңлақтары хақында нақты деректер арқылы өз көзімен көріп, ғибратты сөздеріне куә болғанын тілге тиек етеді.


Рәш М.


Мұржа мұрын / Мыңбай Рәш.- Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2020. - Т.2: Сатиралық шығармалар. - 520 б.

Қазіргі қазақ сатирасының ақсақалы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін», «Тың жерді игергені үшін», «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медальдарының иегері және Халықаралық сықақшылар конкурсының, Дүниежүзілік жастар фестивалі, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұйымдастырған «Алтын алма» байқауының лауреаты, «бір өзі – бір театр» атанған Мыңбай Рәш есімі ХХ ғасырдың елуінші жылдарынан бері қарай қалың оқырманға етене таныс.

Қаламгердің Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, халықтар достығы, қарапайым еңбек адамдарының өмірі, бүгінгі замандас бейнесі сынды алуан тақырыпты қамтитын бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы өмірдің өзекті мәселелерін уытты тілмен нысанаға алуымен құнды. Сондықтан да, жазушы, сатирик, эпик ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше.

Автордың бес томдық шығармалар жинағының «Мұржа мұрын» атты екінші томына сатиралық туындылары еніп отыр. Қаламгер қай тақырыпқа қалам тартса да өзекті, көкейтесті мәселелерді өрнектейді.






Андерсен Г.Х. Ертегілер. - Н.Сh. Andersen. Tales. - Андерсен Г.Х. Сказки. - Шымкент: «Shuǵylakitap» ЖШС, 2020. - 480 бет. - қазақша, ағылшынша, орысша.


Түрлі-түсті әсем суреттермен безендірілген кітапта Г.Х.Андерсеннің әлемдік мәдени мұра болып табылатын ең атақты ертегілері қазақ тіліне аударылып берілген. Бүкіл дүние жүзі балаларының сан буыны осы ертегілерді оқып өсті.

Оразбаева Ф.Ш. Ой өрнегі – сөз / Фаузия Оразбаева. - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2020. - Т.1: Зерттеулер. - 516 б.

Қазақ тіл білімінде коммуникативтік теория мен әдістеменің қалыптасуына және қазақ тілін денгейлік оқытудың жүйелі түрде жүзеге асуына елеулі үлес қосып келе жатқан көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық Педагогикалық білім беру Академиясының академигі, филология ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлықтың лауреаты, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Оразбаева Фаузия Шәмсиқызының шығармалар жинағының «Ой өрнегі - сөз» атты бірінші томына 70-80 жылдардағы алғашқы ғылыми-зерттеу еңбектері енгізілді.

Кітапта ғалымның ерте дәуір жәдігерлерінің бірі – «Оғыз-нама» дастаны туралы зерттеуі, дастанның қазіргі тілімізге жақындатылған тәржімасы, сондай-ақ қазақ тіл ғылымындағы сын есімдер синонимдері хақындағы көлемді зерттеу монографиясы (қазақ, орыс тілдерінде) жарияланып отыр.






Оспан С.К. Сегіз сері (Мұхаммед Қанафия) Баһрамұлы Шақшақовтың өмірі мен музыкалық мұрасы. Ғылыми-зерттеу еңбек. - Алматы: «Балауса баспасы», 2020. - 228 бет.


Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия) Баһрамұлы Шақшақовтың өмірі мен шығармашылығына арналған бұл еңбек қазақтың дарынды ақын- композиторы жайлы көп жылдық зерттеулер мен деректі мәліметтер негізінде жазылған.

Ел ішінде Сегіз серінің өмірі мен музыкалық мұрасы жайлы пікір әрқилы. Сондықтан бұл кітапта мұрағаттық деректер, қисынды дәйектер, соны ой-пікірлер қамтылып, тың мағлұматтар келтірілген. Ақын-сазгердің осыған дейін халық әні санатында орындалып келген мәлім де беймәлім әндеріне терең талдау жасалып, қысқаша тарихтары баяндалып, оларға ғылыми түсінік берілген.




Арпа, сұлы, тары (Күріш суармалы егіншілігі жағдайында өсіру технологиясы және агробиологиялық негіздемесі). Монография / Жайлыбай К.Н., Кенбаев Б.К., Медеуова Ғ.Ж., Сағындықова А.С.- Алматы: Ғылым, 2020.- 116 бет.

Күріш ауыспалы егісі жағдайындағы топырағы тұзданған суармалы егістікте арпа, сұлы, тары дақылдарының жоғары (30-35 ц/га) дән өнімін беретін егістігінің (агроценозының) параметрлері мен сипаттамалары алғаш анықталды, егістікке берілетін минералды тыңайтқыштар мөлшері, енгізу мерзімі және әдістемелері оңтайландырылып оптимизацияландырылды. Аталған дақылдардың агробиологиялық және морфофизиологиялық ерекшеліктері сипатталды, күріш суармалы егіншілігі жағдайында олардың өсіру технологиясы жетілдіріліп, өндіріске ұсынылды.



Доспанбетов Ұ. Бақ пен сор: Повестер. Әңгімелер. Мақалалар. Ұзақбай Доспанбетов. - Алматы: ИП "Немцев". 2020. - 604 бет.

Қазақтың белгілі жазушысы Ұзақбай Доспанбетовтің бұл кітабына әр жылдарда жазылған таңдамалы повестері, әңгімелері, сондай-ақ әдеби-сын, ғылыми-зерттеу мақалалары енгізілген. Қаламы қарымды қаламгердің тереңнен тамыр тартқан ой-толғамдары оқырманға ормандай ой салып, көңіл көкжиегін кеңейтері ақиқат.



Доспанбетов Ұ. Қанды жол. Роман. Ұзақбай Доспанбетов. - Алматы: ИП «Немцев». 2020. - 488 бет.

Қазақтың белгілі жазушысы Ұзақбай Доспанбетовтің бұл «Қанды жол» атты романында қазақ тарихындағы ең бір қайғылы, қаралы кезең - жиырмамыншы ғасырдың 1928-1931 жылдарындағы ашаршылық, кәмпеске, ел-жұрттың Қытайға, басқа да шетелдерге ауа көшуі, ОГПУ солдаттары ұйымдастырған қанды қырғындар - бәрі нақтылы болған ащы шындықтар негізінде суреттелген. Романның бас кейіпкері - Жетісу, Қоғалы өңірінің тумасы Ұлы жүз, Қызыл-қаңлы руынан шыққан Құндақбай Төлендіұлы өзінің көзсіз ерлігі, мергендігі, оқдарымастығы, басқа да қасиеттері арқасында осы жайлардың бастан-аяқ басы-қасында болған.

Смайыл А.

Тәңір соты / Повестер мен драмалық шығармалар/. - Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 256 бет.

Жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайылдың «Тәңір соты» кітабына кейінгі жылдары жазылған повестері мен драмалық шығармалары еніп отыр.

Қаламгер бұл еңбектерінде де өзіне тән көркем шеберлікпен адам бойындағы құбылыстардың психологиялық астарларын ашады. Заман, қоғам, адам - осы үш күдіреттің өзара байланысы, бір-біріне ықпалы түрлі оқиғалар мен әрекеттер арқылы зерттеледі.

«Қылкөпір күндер», «Әулиелер», «Жауқазын ғұмыр», «Жұлдызды түн» повестерінен тылсым табиғат пен адамның арасындағы үйлесімділіктің бұзылуы каншалықты қатерлі екенін аңғарасың. Бұған «Ұялы қасқыр. Айдала», «Тырнауыштың тісіндегі тажал», «Киік баққан қасқыр» бөлімдері дәлел. Ал «Истребительмен қашқан Олжатай» повесінде өлім мен өмір беттескен, ажал аранын ашқан кешегі алапат соғыстың адам төзбес хикаяттары әсерлі баяндалған.

«Тәңір соты» драмалық поэмасында халық, тұлға, ерлік пен сатқындық тайталасады. Сақ, ғұн ғасырларының ащы шындығы арқылы бүгінгі ақиқат ашылады.


Жазушының тілі бай. Көркем шығармалары әсерлі оқылады, адам жайлы, өмір жайлы, бәрімізді қоршаған тылсым әлем жайлы терең ойға шомдырады.





Қазақтың жазылмаған психологиясы - салт-дәстүрлердің, ұлттық ойындардың психологиялық астарына талдау / Е. Жаубай, Н.Молдабайқызы. - Нұр-Сұлтан: «Мұқабә», 2020. - 272 б.


Қолдарыңыздағы психологиялық-талдау бұған дейін көп қаламгер бара қоймаған тың тақырыпқа арналған еңбек. Бұл еңбекте халқымыздың сан ғасырлық дүниетанымының қорытындысы, өзегі болған салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары, ырым-тыйымдарының психологиялық астарына ғылыми тұрғыда талдау жасалды. Соның негізінде ұлтымыздың бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарап, ерекше мән бергені, өр салтында, өр ойынында психологиялық терең астар жатқаны нақты көрініс тапқан.



Светқали Н. Генрих Гейне / Теңіздегі дауыл. (Аудармалар) Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 144 бет.

Ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Светқали Нұржан аударған немістің ұлы ақыны Генрих Гейненің (1797— 1856) қазақ тіліндегі ең көлемді аудармасы болып табылатын бұл кітапқа, негізінен, ақынның таңдамалы лирикалары мен балладалары топтастырылған.

Тұқымов Е.В. Американы тану: Қазақстаннан көзқарас: монография. - Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2020. - 380 б.



Құрама Штаттардың даму тарихына арналған бүкіл әлем ғалымдарының көптеген тамаша еңбектері бар. Сонымен қатар, Қазақстанда американистика мектебі әлі де бастапқы қалыптасу кезеңінде тұр. Автор - халықаралық қатынастар жөніндегі маман, дипломат, АҚШ-та мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін алған және осы елде екі жыл тұрып келген, «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, АҚШ-тың жүздеген жылдар ішінде ХХІ ғасырға қарай Британ империясы колониясынан әлемнің ең қуатты мемлекетіне қалай айналғаны турасындағы өзінің қазақстандық көзқарасын ұсынады. Бұл еңбекте супердержаваның дамуына ықпал еткен факторлар талданады, атап айтқанда, автор мәдени детерминизм және Құрама Штаттардың институционалдық даму тәсілдеріне көп көңіл бөледі. Сондай-ақ, бүгінгі таңда америкалық қоғам кезігетін проблемаларға да баса назар аударылады, атап айтқанда, заңсыз көші-қон, әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық.

Жеке блок АҚШ-тың сыртқы саясатына, сыртқы саяси шешімдерді қабылдау механизмдеріне, сондай-ақ Вашингтон мен Астананың екіжақты қатынастарына арналады. Сондай-ақ, автор америкалық профессор Джозеф Наймен Америка ғасырының аяқталуына қатысты сырттай әңгіме жүргізеді.




Тәжмағамбетова М.М. Ақ қанатты періште. - Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 168 бет.

Қазақтың белгілі ақын қызы Мақпал Мысаның бұл жинағы кейінгі жылдары жазылған жаңа өлеңдер мен поэмалардан тұрады. Ақын қолтаңбасы айшықты ой, қанық бояу, нәзік иірімдерімен ерекшеленеді. Сұлулықты, адам бойындағы қасиеттерді жырға тиек ететін жинақ үш бөлімнен тұрады. Жаңа жинаққа ақынның екі поэмасы еніп отыр.

«Шоған абыз» дастанында аңызға айналған тарихи тұлғаның өмірі мен өнегесі, күрескерлігі суреттеледі. Бұл поэма - көп жылғы ізденіс пен еңбектің жемісі.


Ал, Қарқара көтерілісі жайлы жазылған «Рухымның білтесі» атты поэмасы ұрпақты ерлік пен елдікке үндейді.



А. Әбсадық. Хан Абылай: тарихи тұлға һәм фольклорлық қаһарман. - Алматы: «Алматы - Болашақ» АҚ баспасы, 2020 жыл. - 192 бет.

Даңқты тұлға, көрнекті мемлекет қайраткері, аты аңызға айналған Абылай ханның қазақ халқының тәуелсіздігі жолында атқарған қызметтері тарихи деректер мен мол фольклорлық мұра арқылы сақталып жетті. Тарихи деректерде Абылайдың хан-сұлтан ретіндегі атқарған билік ісіндегі қызметтері баяндалса, фольклорлық шығармаларда ол қазақ жерін жаудан қорғау, оның азаттығын сақтау жолында ерекше ерлік көрсеткен батыр, елдің бірлігін қарастырған дана билеуші ретінде ардақталады.

Кітапта атақты ханның фольклорлық бейнесі тарихи деректермен өрнектеле отырып талданады..




Мәсімханұлы Д.

Сап, сап, көңілім... / Дукен Мәсімханұлы. - Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 352 бет.

Белгілі ақын, көрнекті аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Дүкен Мәсімханұлының «Сап, сап, көңілім...» атты жыр жинағына соңғы жылдары жазған өлең, поэмаларымен бірге қытай және өзге де шетел ақындарынан тәржімалаған аударма өлеңдері топтастырылып отыр.

Жинақтың денін ақынның ел мен жер, Отан туралы азаматтық мінез бен патриоттық рухқа толы жырлары құрайды. Сондай-ақ жастық шақ туралы жыр-шумақтары мен махаббат лирикаларына да кітаптан мол орын берілген.




Атамекен сиқырлы елінің аңыздары = The legends of Atameken Fairyland = Легенды волшебной страны Атамекен. – Шымкент: «Shuǵylakitap», 2020. - 200 бет.

Сіз білесіз бе, Бөрітастаған, Толағай, Шұбарата таулары, Мыңжылқы, Шомқалған аңғарлары немесе Баянауыл, Бурабай жерлері неліктен солай аталған? Зеренді, Марқакөл көлдерінің атаулары қайдан шыққан, Үркердің жеті жұлдызы неге аспаннан кетпейді, аспан шырақтары Ай мен Күн қалай пайда болды? Ал қоянның құйрығы неге қысқа, ат неге дірілдейді немесе сұртышқандар қайдан шықты? Қораз бен күн неге аймен ренжісіп қалды, бұл сізге мәлім бе? Осы және осы сияқты көптеген сауалдардың жауабын сіз «Атамекен сиқырлы елінің аңыздары» кітабынан табасыз. Оған енген аңыздар Қазақстан өзендері мен көлдерінің, тауларының, алқаптарының, аспан шырақтары мен жануарларының пайда болу тарихы мен шыққан тегі жөнінде әңгімелейді.


Зәкен Т.

Аттила. Балқан тауға барғандар (Тарихи роман). – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. - 160 б.




Адамзат тарихында өшпестей із қалдырған, қазақ пен өзге де түркі халықтары аңызға айналдырып, өлең-жырларына арқау еткен Еділ (Аттила) тәңірқұт туралы бұл тарихи роман оның кішкентай кезінде Рим сарайындағы кепілден босап шыққан сәтінен бастап әңгімелейді. Сол сәттен бастап оның көкейінде арғы атасы Мөде тәңірқұт секілді Рим топырағын өз қол астына алу арманы пайда болады.

Осы ұлы мақсатқа жету үшін Еділ ең алдымен Византияны әлсіретіп, одан соң батыс гүттермен соғысады. Жер жүзіне мәшһүр Каталаун шайқасынан соң, Альпі тауларынан асып, Римге жорық жасайды. Романда Еділ және оның айналасындағы Рутила, Едіге, Айбарыс, Актар, Бледа сынды белгілі тарихи тұлғалардың, Ордос ғұндарының көсемі Қыран-Баба тәңірқұттың және Еділдің сүйген жарлары Энга, Керка және Эска сұлулардың образы сомдалған. Сонымен бірге, Еділдің әрі досы, әрі қарсыласы, Рим легиондарының бас қолбасшысы Аэцийдың, императорлар Константинян мен Феодосийдің, императрица Галла Платидияның, қапастағы ару Гонорияның Еділмен және Ғұн ордасымен қарым-қатынасы суреттелген.



Медетбек Т. Шығармалары. 7 томдық. 1-том: Өлеңдер / Темірхан Медетбек. - Алматы: «Керемет медиа», 2020. -Т.1.-320 бет.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Темірхан Медетбектің жеті томдық таңдамалы жинағына автордың ұзақ жылдардан бері талмай еткен еңбегінің ең үздіктері енгізіліп отыр. Бірінші томда 1960 жылдардың аяғына қарай қазақ поэзиясына өз үнімен келіп қосылған ақынның жас кезінде жазылған шығармаларымен табысасыздар.




Медетбек Т. Шығармалары. 7 томдық. 2-том: Өлеңдер / Темірхан Медетбек. - Алматы: «Керемет медиа», 2020. -Т.2. - 320 бет.

Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Темірхан Медетбектің жеті томдық таңдамалы шығармаларына автордың ұзақ жылдардан бері талмай еңбек еткен еңбегінің ең үздіктері енгізіліп отыр. Екінші томда 1970-1980 жылдары жазылған өлеңдері, яғни кейінгі ізденіс үстінде шыққан жаңа шығармашылық белесі Көк түріктер сарынына дейінгі аралықтағы кезеңдерді қамтиды.



Әбішқызы Гүлімай. Күрең мұң: өлеңдер / Гүлімай Әбішқызы. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. - 160 б.

Жаратылыстың қай қырынан да мән таба білер, өмірге құштар жүректен төгілген асқақ рухты, һәм нәзік иірімді жырлары Гүлімай Әбішқызының ақындық қуаты, кестелі тіл өрнегі, орамды, астарлы ой толғамдары мен сөз киесін пір тұтқан еректігін паш етіп-ақ тұр. Эмоциялық күрделі тебіреніске толы бұл жинақтың табиғаты өз оқырманын мүлде жаңаша образдылығымен баурайды.



Луиза Хей. Өмірің - өз қолыңда. - Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2020. - 248 бет.

Сана мен тән бір-бірімен байланысып жатыр. Егер тәнің ауырса, оның басты себебін санадан іздеген жөн. Ойыңыз өзгермей өзіңіз де өзгере алмайсыз. Кітаптың басты идеясы осы. Бұл ойдың ақиқатына кітап авторының өмірі дәлел. Луиза Хей жазылмайтын жаман ауруға шалдығады. Медицина дәрменсіз. Өз өмірін өз қолына алған Луиза алдымен жаман ойдан арылады, сосын жаман ауру да жөніне кетеді.



Мамырбаев Ө.Ж. Қазақ ауызекі сөйлеуін автоматты өңдеу: Монография / Жауапты редактор: Н.Р.Юничева. -Алматы: ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты, 2020. - 103 б.

Монографияда қазақ ауызекі сөйлеуін автоматты өңдеудің құралдары мен әдістері қарастырылған. Зерттеуде ұсынылған ауызекі сөйлеудің автоматты өңдеу әдістері бойынша қол жеткен жетістіктер тану қосымшаларын жасау және тану дәлдігін жоғарлатуға мүмкіндік беріп отыр. Олар өз кезегінде ауызекі сөйлеуді автоматты өңдеу және құру үшін мәні бар құрал бола алады.



Жұртбай Т. Жансар / Эсселер мен естеліктер. - Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 472 бет.


Әр жазушы өзінің өткенін қорытындылап, өмірден көргендері мен түйгендерін саралап, сол мағыналы-мағынасыз кешкен ғұмыр туралы ой толғайтыны заңды. Тұрсын Жұртбайдың қауым назарына ұсынылып отырған «Жансар» атты эсселер мен естеліктері де түйсік түкпірінде жатқан жан сырын қозғайды. Бұл жинақты: қазақ ақыл-ойының ғұламалары мен киелі қалам иелерінің өмірі хақындағы психологиялық барлау, портрет, көркем-сыни талдау десе де болады. Ең бастысы, жазушы өз тұсында өмір сүрген, кеше ғана өмірден өткен аға ұрпақтар мен замандастарының жан жылуын келер ұрпаққа жеткізуге ұмтылған.



Омарұлы Бауыржан. Бақ қонған бәйтерек. Эсселер, портреттік мақалалар, ой-толғамдар. - Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 528 бет.


Бұл жинаққа тарихи тұлғалар, елге танымал азаматтар, өмірде өз орны бар қарапайым жандар туралы эсселер, портреттік мақалалар, қоғам тынысы, тіршілік түйткілдері жөніндегі ой-толғамдар, суреттемелер енгізілген. Автор кейіпкер келбетін сәулелі сөзбен кейіптеп, ішкі әлеміне үңілуге тырысады.

Тарих пен тұлға, ұлт пен жұрт, адам мен тағдыр, бітім мен болмыс, дәуір мен дәстүр, тірлік пен тұрмыс ұғымдары осы кітапқа топтастырылған дүниелердің алтын арқауына айналып отыр.




Виктор Франкл. Өмірден мән іздеген жан. - Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2020. - 192 бет.

XX ғасырдың зұлмат кезеңі Екінші Дүниежүзілік соғысы кезінде нацистік Германияның адамзатқа қарсы жасаған қанішерлігіне куә болған Виктор Франкл концлагерьден шыққан соң бір жылдан соң, 1946 жылы осы кітапты жазып шығады. Адамды ең қиын кездерден аман алып шығатын оның өмірінің мәні екенін лагерьде болған оқиғаларды әңгімелей отырып дәлелдейді. Франклдың теориясы өмірдің мәнін ләззат алу деп түсінген Фрейдтың, билікке ұмтылу деп өсиет еткен Альфред Адлер идеясымен онша үйлесе қоймайды. Сондықтан да, оны ғылыми әлем «Венаның үшінші психотерапия мектебі» деп аталатын (Фрейдтің психологиялық талдауынан және Адлердің жеке психологиясынан кейінгі) логотерапия мектебінің негізін салушы деп біледі.




Әбдәкімұлы Момбек. Зобалаң: Деректі роман. - Алматы: «Дария», 2019. - 376 б.

Қолдарыңыздағы шығармада 1931-33 жылдары елімізді шарпыған ашаршылықтың қалай басталып, қалай белең алғаны, оның қасіреті мен зұлматы жұртты қалай ойрандағаны кеңінен әрі болған қалпында ашық әңгімеленеді. Сондай-ақ бұл кітапта дәл сол жылдары ҚазАКСР-ы және Өзбек КСР-ының халкомкеңестері мен орталық атқару комитеттерінің шешімімен салынған Шымкент-Ташкент төте теміржолы құрылысының жүруі, бір жылдан кейін оның неліктен тоқтатылғаны туралы құжаттық деректерге сүйеніп жазылған мағлұматтар келтірілген. Сонымен қатар жазықсыз жалаға ұшыраған қазақ зиялылары мен қарапайым халықтың күйзелісі кітап сөзімен әсерлі баяндалған. Роман - жазушының жеке қиялынан туындаған шығарма емес, ел өмірінен жанды естеліктер, архивтік фактілер һәм ашаршылықты бастарынан өткерген көнекөз қариялардың аузынан естілген деректі әңгімелер негізінде түзіліп жазылған.



Ахметов А.А., Жолмырзаева Р.Н., Бердалина А.Ж. Мал шаруашылығындағы логистика: оқу құралы / А.А. Ахметов, Р.Н. Жолмырзаева, А.Ж. Бердалина. - Алматы: ЖШС KazBookTrade, 2019.- 155 б.


Бұл оқу құралы мал шаруашылығындағы логистика туралы. Мал және мал өнімдерін тасымалдау, оның бүгінгі замандағы қызметі жайлы, әлемдік барлық тәжірибелерге сүйене отырып жазылған мазмұнды еңбек. Қазіргі кезде малдың алуан түрлері мен оның өнімдері әлемнің кез келген бұрышынан ұзақ және жақын арақашықтықтарға автокөліктермен, пойыздармен, су және әуе жолдары арқылы тасымалданады. Мал және мал өнімдерін тасымалдау саласында мал дәрігерлері, заңгерлер, жүк тасымалдауға маманданған түрлі сала қызметкерлері еңбек етеді. Аталған оқу құралы негізінен мал шаруашылығымен айналысатын Қазақстан Республикасындағы шаруашылық иелері үшін аса қажетті болып отырғанын да атап өткеніміз орынды.



«Бізге айтылмаған құпия» / Қуаныш Шонбай. - Алматы: «Самға» баспасы, 2019.- 248 б.


«Бізге айтылмаған құпия» кітабы табысты кәсіпкер, бестселлер автор және ұстаз Қуаныш Шонбаймен жазылды. Автор үздіксіз даму мен табысты болудың құпияларын ашу жолында өз тәжірибесімен, түйген сабақтарымен және өзіне тән ойлау стилімен бөліседі.

Қоғамда қалыптасқан таптаурындарды бұзу, айналадағы құбылыстарды қабылдауды өзгерту және парадигманы қайта құру мақсатында жазылған бұл кітап автордың кәсіпкерлік және ұстаздық кейстерімен көмкерілген. Әр идея ғылыми тәжірибенің негізінде, діни ілімнің аясында және жеке тәжірибенің нәтижесінде жазылған. Тұлғалық даму жолындағы біз білмейтін, ойламайтын кедергілер мен ой шектеулеріне түспеу үшін қажет қолданбалы кеңестер мен техникалар ұсынылған.



Айталы А.А. Рухани кемелдік. Ғылыми-публицистикалық мақалалар. - Ақтөбе, 2019. - 220 бет.

Бұл жинақта белгілі қоғам қайраткері, ғалым Амангелді Айталының соңғы уақыттарда жарық көрген ұлт және дін мәселелері тақырыбындағы ғылыми-публицистикалық мақалалары топтастырылған.




Мәлікова С. «Тың эпопеясы» тарих таразысында - қоғамдық-саяси әдебиет / С. Мәлікова. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2020. - 120 б.

Автор Қазақстанның солтүстік аймағында 1954-1964 жылдары «Тың және тыңайған жерлерді игеру» деген мемлекеттік бағдарламамен жүргізілген аграрлық реформаның тарихындағы көлеңкелі тұстарды ашып, КСРО жоғарғы билігі тарапынан қабылданған шараларға жаңа көзқарас тұрғысынан баға береді. Тарихта «Тың эпопеясы» деген атпен қалған ұлы науқанның салдарларын талдайды, нақты деректер негізінде оның зардаптарын жүйелеп көрсетеді.




Смағұлов О. Қазақтың айбарлы диссиденті. Мақмет Құлмағамбеттің өмір жолы / Оразақ Смағұлов. - Алматы: «AmalBooks» баспасы, 2020. - 400 б.

Бұл кітап бүкіл ғұмырын қазақтың асыл арманы - бостандыққа арнаған, кеңес үкіметінің туған халқына жасаған зорлық-зомбылықтарын ашық айтып, айбарлы қарсылық жасап, өмірден озған қазақтың аяулы перзенті, тұңғыш диссиденті Мақмет Құлмағамбеттің өмір жолын баян етеді.



Түркі тілдеріндегі тарихи қолжазбаларды зерттеу халықаралық симпозиумы (қолжазбаларды жариялау, каталогын жасау және цифрлау) = Uluslararası Turkce Tarihi Metin Arastirmalari Sempozyumu. - Алматы, 2019. - 410 б.

Бұл мақалада Сирек қордағы түрік және осман тілдеріндегі кітаптар мен қолжазбалардың каталогын дайындау барысы сөз болады. Сонымен қатар, аталмыш кітаптардың каталогын дайындау кезінде әдебиеттерді іріктеу, библиографиялық жазбалардың құрылымы, алдынала тақырыптарын аудару, аннотациялық құжаттардың тиімді нұсқасын таңдап алу, көрсеткіштерді дайындау т.б. жұмыстары ғылыми тұрғыдан сараланады.



Элрод Х. Таң шапағаты. – Алматы: Steppe&World, 2020. - 184 бет.



Əліпхан Мақсат Кенжекүлүлы

Адамгершілік ілімі және Хакім Абай / Əліпхан Мақсат Кенжекүлүлы. - Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2020. - 480 бет.


Кітапта адамзат танымының тарихында қызу талқыланған адамгершілік ұғымының мән-мазмұны мен төркін-тегі Аристотель, Плотин, әл-Фараби, ибн-Сина еңбектері негізінде жүйеленіп, айқындалған. Адамгершіліктің ең берісі қайырымдылық пен жан денсаулығы, ең әрісі Игілік пен Бақыт екені түйінделген.


Кемел кісілікке жету жолын нұсқаған еңбекте төркіні де, танымы да терең осы адамгершілік ілімінің қазақ әдебиетінде Ж.Баласағұн, А.Иасауи, Абай, Шәкәрім шығармалары арқылы жүйелі жырланғаны қарастырылады. Адамгершілік ілімі Хакім Абай шығармаларынан бастау алып, тамыр-тегінен тартып таратыла сөз етіледі.

Жолдасбеков М. Ұлы дала әдебиеті. - Нұр-Сұлтан: «Күл-тегін» баспасы, 2020. -416 б.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтың бұл кітабына елу жыл бойғы жүйелі зерттеулерінің нәтижесінде жазылған Ұлы дала әдебиетінің көне дәуірдегі арғы тегі мен даму кезеңдері, кейіннен кемелденген жауһар мұра ретінде жаһанға танылып, жанрлық түрлері байып, жаңа заманға ұласқан сөз өнеріміздің алуан қырлы дәстүр сабақтастығы туралы іргелі еңбектері енгізілді. Автор Ұлы дала әдебиетінің тасқа таңбаланған ежелгі мәтіндері, қағазға түскен орта ғасырдағы нұсқалары, сонымен бірге ХХ ғасыр бедерінде ауызша үлгіде дамыған төкпе ақын-жыраулық поэзияның тұңғық табиғатын кешенді де жүйелі сараптайды.

Кеңестер Одағының кезінде-ақ қазақ әдебиетінің тарихын ХІІ ғасырға терендеткен ғалымның болашақпен үндес еңбегі бүгінгі «Мәңгілік ел» мұратын ұстанған Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің баянды болуына қызмет ете береді.






Сейтақ Ғайса-Ғали

Қасиет қонған қара жер: Өлеңдер мен дастандар. - Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2020. - 304 бет.


Бұл – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты Ғайса-Ғали Сейтақтың жетінші кітабы. Ақынның бұл жинағына соңғы жылдары жазған жаңа өлеңдері мен «Әбілқайыр хан», «Сырым би», «Исатай менен Махамбет» тарихи дастандары енгізіліп отыр. Автор өз шығармаларына туған жер, тарихи тұлғалар өмірін, қазіргі заман шындығын өзек етеді.



Абдраман Ш. Екі томдық шығармалар жинағы / (кұраст.: Шарбану Алманбетова). - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2020.-Т.2. - 488 б.


Бүкіл ғалами кеңістікте тарыдай шашылып жатқан жұлдыздар, әлемнің бір түкпіріндегі Күн жүйесінде саналы тіршілік мекеніне айналған Жер планетасының миллиондаған жылдарға жіктелетін даму тарихы әлі толық игерілмеген геология ілімінің, әрі бүтін космос құпиясының кілтін беретін басты пәні болып қала береді. Демек, Жердің жер болып қалыптасу дәуірлерінде небір қастерлі шытырман кезеңдердің куәсі болған кітап кейіпкерлерінің іс-әрекеттері оқушыларын бейжай қалдырмайды, жаратылыс ғылымын игеруге ынталандыратындай көркем шығарманың танымдық құдыретіне айналады.

Алғашқыда А.Машанидің «Жер сырына» арналып, кейін «Жер астына саяхат» көркем шығармаға өзек болған дүние, ұстаз ұйғарымына сай шәкіртінің соңғы ғылыми жетістіктерімен жаңғыртып толықтырылған, адамзат бесігінің жаралымдық хикаяттары «Таста түйілген тарих» төл тақырыбымен оқырманға ұсынылып отыр.



Найманбай А. Көркемдік көкжиегі: Тілдік-әдеби ойтолғам, ғылыми эссе, зерттеулер / Айнұр Найманбай. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 160 б.

Бұл еңбекте қазақ әдебиетінің негізін салушы алыптар тобының өкілі, дарынды жазушы Ғ. Мұстафин шығармаларының тілдік құрылымы мен қаламгердің қазақ әдеби тілін дамытудағы орны, шеберлік қырлары, сонымен бірге тәуелсіздік жылдарындағы қазақ қаламгері Ж.Әлмашұлының тіл өрнегі мен сөз саптау ерекшеліктері, жаңашылдығы туралы ізденістер жасалған. Сондай-ақ, тақырыпқа арқау болған көркем әдебиет тілі мен стилистикасы, кейіпкер бейнесін ашудағы қарама-қарсы ұғымдар мен тіл ғылымындағы антонимдердің сипаты, тілдік-көркемдік амалдар туралы ойтолғамдар мен талдаулар топтастырылған.



Ы.Ә. Әбдіқайымұлы. Алтыным / Ысқақ Әкім Әбдіқайымұлы. - Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2020.- 192 бет.

Адамдық ақ көңіл мен өмірлік құндылықтар тақырыбында онға жуық кітаптар жазған белгілі қаламгер Әкім Ысқақтың оқырман сұранысымен жарық көріп отырған бұл еңбегіне әлеуметтік желіде бөліскен ой-толғаулары және түрлі оқиғалардан үзінділер берілген. Ерекшелігі сол, афоризмдердің көбі ізгіліктің, мейірімділік пен жылы лебіздің белгісіндей болған «Алтыным» деген қаратпа сөзден басталады.



Шамахайұлы Қ. Шөлейт жақта: әңгіме, хикаят, сатиралық көрініс, скетч, эссе, очерк / Қуандық Шамахайұлы. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 360 б.

Жинаққа жазушының соңғы жылдары жазған шығармалары енгізіліп отыр. Автордың әңгімелері мен хикаяты, бірқатар әзіл-сықақ туындылары және ғылымтанымдық эссесі, АҚШ сапары туралы жолжазба очеркі қамтылған жинақ бүгінгі заманның шынайы бейнесі, дәуір үні іспетті. Түрлі кейіпкерлердің әрекеттері арқылы біз күнделікті өзіміз куә болған дүниелерді, таныс-біліс жандарды көркем сомдалған образдары арқылы жаңаша қырынан танимыз.

Жазушы туындысының тілі шұрайлы әрі оқиғалары қызықты да нанымды, оқырманын бірден баурап әкете алатындығымен ерекше тартымды.



